

*Ойлау және оның
түрлері мен қасиеттері*

Орындаған Ахтанов Е.Н

Ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс - қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз ар-қылы бейнелеуі.

Ойлау қабылдау, елестермен тығыз байланысты. Түйсік пен қабылдау танымның бірінші баспалдағы болғандықтан, олардан тыс ешбір ойлау болмай-ды.

Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәлімет-терді өңдейді. Ойлау сезімдік мағлұматтарды не-гізінде ғана мүмкін болатын нәрсе. Елестерде жал-пылағыш элементтер мол болғанмен, оның таным мүмкіндігі ойлаудан әлде-қайда төмен. Ойлаудың қамтитын шеңбері өте кең.

Ойлау тәсілдері

Ой тәсілдерінің түрлері көп.

Ойлау процесі талдау мен жинақтау тәсілдері-нің басталады. Бұлар түйсік пен қабылдаудағы анализ бен синтездің жаңа мазмұнға ие болған тү-рі. Анализ дегеніміз ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу.

Анализ бен синтез – бірімен-бірі тығыз байла-нысты, бірінсіз-бірі болмайтын құбылыс. Бұл екеуі – бірінен-бірі ешқашан ажырамайтын ой процесі -нің негізгі компоненттерінің бірі.



Г.Эббингауз

Г.Эббингауз ойлауға өзінше анықтама бере отырып, бұл процесс адамның тұрақты идеясы және күйын мен идеялық шабысы арасындағы құбылыс деп бағалады.

Ойлаудағы күйын мен шабыс жайындағы Эббингауз бен оның пікірлестерінің бағытын біздер ассоциация психологиясының шарықтау шегіне жеткен көрініс деп атаймыз.

Ойлаудың күрделі формаларының бірі – ой қорытындылары. Ой қорытындылары дегеніміз бірнеше пікірлерден жаңа бір пі-кір шығару тәсілі.

Ой қорытындыларының үш түрі бар:


- 1. Дедукциялық;*
- 2. Индукциялық;*
- 3. Аналогиялық.*

Индукция – жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы, мәселен, оттегі болмаған ауада өсімдік өсе алмайды, сондай-ақ оттегі жоқ ауада жануарлар да, адам да тіршілік ете алмайды.

Аналогия – ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау. Мәселен, И.Ньютон бүкіл әлемдік тартылыс заңын топқанда, ой қорытындысының осы түріне сүйенген. Ол жер үстіндегі денелердің қозғалуы, әсіресе құлауы мен аспан денелерінің қозғалуы арасындағы ұқсастықты түсіндіруде аналогияны келтіреді.

Дедукциялық ой қорытындысында бала өзі білетін нақтылы фактілерді, байланыстарды, қатынастарды сол жалпы заңдылықтарға негіздей ұғуға тырысады.

Ой тәсілдері түрлерінің схемасы



Ойлау – аса күрделі психикалық процесс.

Оны зерттеумен бірнеше ғылым айналысқан. Бұлар-дың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Психология түрлі жас мөлшердегі адам ойының пайда болуы, дамуы, қалыптасуы жолдарын, яғни жеке адам-ның ойлау ерекшеліктерінің заңдылықтарын қарастырса, логика – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекеті-нен заңдары мен формаларын айқын-дайды, адам ойы-ның нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу, ойлаудың білім мен тікелей байланыс-ты екендігін көрсетеді.

Ойлауды дамыту – оның мазмұны мен формасын өзгерту болып табылады. Психологияда ойлаудың үш түрі қарастырылады.

1. Практикалық іс-әрекеттілік.

2. Көрнекі-бейнелік

3. Сөздік – логикалық.